KASE

# АПТАЛЫҒЫ

**18–22 Қаңтар, 2021**



## KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- KASE 2020 жылдың қорытындысы бойынша онлайн баспасөз конференциясын өткізді.
- KASE Басқармасы Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын ұйымдардың өтімсіз борыштық бағалы қағаздарының әділ құнын есептеу үшін 2021 жылдың бірінші тоқсанына кірістіліктің орташа өлшемді мөлшерлемелерін анықтады
- "Кселл" АҚ KZ2C00004208 (KCELb1) облигациялары KASE ресми тізімінен алынып тасталды.
- "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ-ның KZ2C00002285 (SKKZb8), KZ2C00002293 (SKKZb9), KZ2C00002335 (SKKZb13) және KZ2C00002343 (SKKZb14) облигациялары KASE ресми тізімінен шығарылды.
- "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ-ның KZ2C00007300 (KFUSb8), KZ2C00007318 (KFUSb9), KZ2C00007326 (KFUSb10) және KZ2C00007334 (KFUSb11) облигациялары KASE ресми тізіміне негізгі алаңның "облигациялар" санаты бойынша енгізілді.
- "ЦентрКредит - ақылды теңгерім" ПИҮИҚ KZPF00000231 (BCCIrb) үлеспұлдары KASE ресми тізімінің "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторына енгізілді.
- KASE-де "Маңғыстау Аймақтық Электржелілік Компаниясы"АҚ KZ2C00002020 (MREKb7) облигацияларымен сауда-саттық қайта басталды.
- "Азық-түліктік келісімшарт корпорациясы" Ұлттық компаниясы" АҚ KZ1C00007426 (PRKR) жай акциялары KASE "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілген бағалы қағаздар қатарынан алып тасталды.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстанның қаржы министрлігі Биржада бірінші шығарылымның МЕУКАМ-240 (KZKD00000550), 149 шығарылым МЕККАМ-12 (KZK100000258) және екінші шығарылымның МЕУКАМ-156 (KZ000A1A1S55) орналастырып, 82,4 млрд теңге тартты.
- "Қазақстандық Ипотекалық Компания" Ипотекалық ұйымы " АҚ KASE-де 40,2 млрд теңге сомасына KZ2C00005973 (BTDVb1) 40 млн облигациясын және 26,0 млрд теңге сомасына KZ2C00006179 (BTDVb2) 25 млн облигациясын кері сатып алды.
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KASE-ге kz2c00007318 (KFUSb9) облигацияларын орташа өлшемді кірістілігі жылдық 10,6522% орналастырып, 38,3 млрд теңге тартты.
- "BCC Invest" АҚ KZPF00000058 (BCCI_cc) пайларын ұстаушыларға 2020 жылдың қазан-желтоқсан айларындағы "ЦентрКредит–валюталық" ИҮИҚ дивидендтердің төленгені туралы хабарлады.
- "Standard Life" Өмірді сақтандыру компаниясы "АҚ Fitch Ratings агенттігінің компанияның қаржылық тұрақтылығының рейтингін "B" деңгейінде растағаны туралы хабарлады, болжамы "Тұрақты".
- "Fincraft Group" ЖШС S&P Global Ratings агенттігінің ұзақ мерзімді кредит рейтингін "B+" деңгейіне дейін көтергені туралы хабарлады, болжамы "Тұрақты".
- "Қазақстанның орнықтылық қоры "АҚ Fitch Ratings агенттігінің қоғамның ұзақ мерзімді рейтингін" BBB "деңгейінде растағаны туралы хабарлады, болжамы "Тұрақты".

KASE индексі 2 813,86 пунктке дейін 1,3 %-ға төмендеді. Индекстік акциялар арасында мәмілелердің ең көп саны Халық банкінің жай акцияларымен жасалды – 1217 мәміле (жалпы үлестің 35,0 %). Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі де Халық банкінің қағаздарына түсті – 962,8 млн теңге (жалпы үлестің 73,6 %).

**KASE Индексінің акциялары**




| 22.01.2021 | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| KASE Индексі | 2 813,86 | -1,3 | 7,5 |
| **Өтімділіктің бірінші сыныбы** | **Цена** | **Δ 7д** | **Δ 1м** |
| KAZ Minerals | 4 150,0 | 4,9 | 18,3 |
| Freedom Holding Corp. | 22 249,7 | 0,5 | 9,9 |
| Казахтелеком | 26 366,0 | 0,3 | 2,2 |
| Банк ВТБ | 0,2 | 0,0 | 4,8 |
| KEGOC | 1 693,0 | -0,4 | 0,5 |
| Kcell | 2 820,0 | -0,4 | 3,3 |
| Казахтелеком, прив. акции | 12 800,0 | -0,6 | -0,4 |
| Сбербанк | 1 552,0 | -1,2 | 7,8 |
| Банк ЦентрКредит | 211,0 | -1,4 | -1,9 |
| Аэрофлот | 410,0 | -1,9 | 5,9 |
| НАК Казатомпром | 7 650,0 | -3,2 | 12,8 |
| Народный банк | 132,5 | -4,7 | 11,8 |
| КазТрансОйл | 997,0 | -5,0 | 9,6 |
| Bank of America Corporation | 13 330,8 | -6,2 | 11,1 |
| Газпром | 1 193,3 | -7,8 | 6,5 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

KASE индексі апта қорытындысы бойынша әлемнің бірқатар елдерінде, атап айтқанда Қытайда карантиндік шаралардың қатаңдатылуына байланысты әлемдік экономиканың сұранысы мен қалпына келу қарқынына қатысты алаңдаушылықтың өсуі аясында "минуста" жабылды.

Сауда-саттықтың басты аутсайдерлері ҚазТрансОйлдың акциялары болды, олардың бағасы 5,0 %-ға – 996,99 теңгеге дейін төмендеді. Компанияның қағаздары ҚР ішкі нарығына мұнай айдау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметке тариф пен тарифтік сметаны бекіту аясында басталған әсерлі өсімнен кейін түзетіле бастаған болуы мүмкін. Көшбасшылар қатарында KAZ Minerals акциялары 4,9 %-ға – 4 150,00 теңгеге дейін қымбаттады. Мыс өндіруші компания акцияларының оң динамикасына ҚХР Мемлекеттік статистикалық басқармасының (МСБ) деректері әсер етті, оған сәйкес әлемдегі ең ірі мыс тұтынушы Қытай экономикасы 2020 жылы 2,3 %-ға ұлғайды, бұл ретте ЖІӨ-нің VI тоқсанында 6,5 %-ға өсті, осылайша өсу қарқынының дағдарысқа дейінгі деңгейіне оралды.

**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**



Мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі бір күн мерзімге жылдық 8,29 % деңгейіне дейін 10 б.п. ұлғайды. АҚШ долларының кепілдігімен теңгенің қарыз алу мөлшерлемесі өзгерген жоқ және жылдық 7,90 % құрады. Бір аптаның ішінде теңгелік өтімділіктің қарыз алудың орташа көлемі 401,1 млрд теңгені құрады (алдыңғы аптаның ұқсас көрсеткішіне+12,8%).

## Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




## Основные параметры размещения нот НБРК




## Тәуекелсіз қисық кірістілігі



АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамы 0,15 теңгеге (+0,04%) 419,69 теңгеге дейін өсті. Сауда-саттықтың жиынтық көлемі $504,4 млн (өткен аптадағы ұқсас көрсеткішке -23,4%) құрады. АҚШ долларын сатып алу және сату бойынша мәмілелердің жалпы саны 1521 (алдыңғы аптадағы ұқсас көрсеткішке -27,3%) құрады. бір АҚШ доллары үшін мкксималды баға 421,66 теңгені, ал минималды баға – 417,96 теңгені құрады.

Ресей рублінің әлсіреуі аясында аптаның қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына арзандайды. Рубль әлемде коронавирустың таралу қарқынына және ресейлік оппозиция жетекшісі Алексей Навальныйдың ұсталуына байланысты Ресейге қарсы жаңа санкцияларға қатысты қауіптердің өсуіне байланысты долларға қатысты позициясын жоғалтады. Сонымен бірге, ЕО мен Қытайдың бірқатар аймақтарында карантиндік шараларды күшейту аясында Мұнай көп бағытта саудаланды. Теріс фонды сонымен қатар Baker Hughes американдық мұнай сервистік компаниясының сегізінші апта қатарынан АҚШ-та жұмыс істеп тұрған мұнай бұрғылау қондырғылары санының өскенін көрсеткен соңғы деректері қолдайды.

Тәуекелдік және шикізаттық активтерге сұранысты қолдау ретінде АҚШ-тағы ауқымды экономикалық ынталандырулар нарығын күту болып табылады. Сейсенбіде АҚШ Қаржы министрі Джанет Йеллен заң шығарушыларды пандемияның салдарымен күресу үшін қаржылық көмекке қатысты "ауқымды әрекет етуге" шақырды. Сонымен қатар, өткен аптада АҚШ президенті Джо Байден коронавирустық пандемиядан зардап шеккен АҚШ экономикасын ынталандыру бойынша $1,9 трлн долларлық жобаны ұсынды.

Лондондағы ICE Futures биржасында Brent маркалы мұнай фьючерстерінің құны жұма күні барреліне $55,41 (+0,6%) деңгейінде жабылды. Мәскеу биржасындағы Ресей рубліне АҚШ долларының бағамы 75,3460 рубльге дейін өсті (+2,8%).

Ресей рублінің құны 0,0407 теңгеге (-0,7%) 5,6770 теңгеге дейін төмендеді. Қытай юаны 0,0591 теңге (-0,1%) бағасында 64,8409 теңгеге дейін жоғалтты.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**




| | Бағасы | Δ 7к, % | Δ 30к, % | Δ 2020, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 574,56 | 0,2 | 2,1 | 0,6 |
| USDKZT | 418,41 | -0,4 | -0,3 | -0,5 |
| EURKZT | 507,95 | -0,6 | -0,9 | -1,6 |
| CNYKZT | 64,76 | -0,3 | 1,0 | 0,4 |
| RUBKZT | 5,69 | -0,5 | 2,3 | 0,7 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**



## Халықаралық индекстер

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | Тренд % 1а | Тренд % 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 3 841,47 | 1,9 | 4,1 | 15,5 | 1,9 |
| Dow Jones | 30 996,98 | 0,6 | 2,9 | 6,3 | 0,6 |
| РТС | 1 418,29 | -3,8 | 3,8 | -11,1 | -3,5 |
| ММВБ | 2 285,53 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | -3,5 |
| Hang Seng | 29 447,85 | 3,1 | 11,8 | 5,5 | 3,0 |
| SS CSI 300 | 5 569,78 | 2,0 | 11,2 | 39,1 | 1,4 |
| Euro Stoxx 50 | 3 602,41 | 0,1 | 1,8 | -3,6 | 0,1 |
| FTSEuroFirst | 4 020,50 | -0,2 | 3,2 | -9,6 | -0,3 |
| FTSE 100 | 6 695,07 | -0,6 | 3,1 | -10,8 | -0,6 |
| KASE | 2 813,86 | -1,3 | 7,5 | 21,6 | |

## Шикізат нарығы 22.01.2021

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | Тренд % 1а | Тренд % 1ж |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай (Brent) | 55,41 | 0,6 | 8,2 | -10,7 |
| Мұнай (WTI) | 52,27 | -0,2 | 8,6 | -6,0 |
| Табиғи газ | 2,45 | -10,6 | -6,2 | 27,0 |
| Мыс | 362,60 | 0,7 | 2,1 | 33,0 |
| Темір | 1 174,50 | 4,9 | 7,5 | 65,5 |
| Алтын | 1 855,61 | 1,5 | -0,9 | 18,4 |
| Күміс | 25,56 | 2,8 | -1,0 | 43,3 |
| Астық | 634,50 | -6,1 | 0,8 | 9,3 |

## Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

| | Экономикалық оқиғалар күнтізбесі | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 27.01 | Шикі мұнай қорлары | USD | 0,430M | 4,351M |
| 27.01 | ФРС пайыздық мөлшерлемесі бойынша шешім | USD | 0,25% | 0,25% |
| 28.01 | Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдер саны | USD | 875K | 900K |
| 28.01 | ЖІӨ (тоқ/тоқ) (4 тоқ.) | USD | 4,0% | 3,4% |
| 29.01 | Германияның ЖІӨ (тоқ/тоқ) (4 тоқ.) | EUR | | 8,5% |

*Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

## Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

| Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы | Мәні | Күні | Жыл басына |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 7,1% | 01.07.20 | 5,3% |
| ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD | 31 561 | 01.06.20 | 30 927 |
| Қаржы базасы, млрд KZT | 8 428,3 | 01.06.20 | 5 995,7 |
| Қаржы массасы, млрд KZT | 22 438,2 | 01.06.20 | 20 813,4 |

## Қазақстанның несие рейтингі

| Қазақстанның несие рейтингі | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-тұрақты | 10.09.18 | BBB-тұрақты |
| Moody's | Baa3 тұрақты | 26.07.17 | Baa3 -тұрақты |
| FitchRatings | BBB тұрақты | 28.09.18 | BBB тұрақты |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**"Қазақстан қор биржасы"АҚ**

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ "Almaty Towers"

**Тел.:** +7 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**

**Бізбен байланысыңыз**

**Листингілік компаниялардың корпоративтік оқиғалар күнтізбесі**

"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді .
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факорлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2020